

Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының 2023-2024 оқу жылының тамыз айында өткен педагогикалық кеңесінің №1 хаттамасы

Күні: 31.08.2023
Уақыты: сағ 9:30

Қатысқандар: 27
Қатыспағандар: 0
Себепті: 0
Себепсіз: 0

Тақырыбы : «Дарынды балалардың білім беру кеңістігінің миссиясы мен құндылықтары»

Күн тәртібі:

1. 2023-2024 оқу жылының басталуы туралы бұйрықпен таныстыру.

Мектеп директоры: А.Курмашева

2. 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулықты талқылау, өзгерістерге назар аудару.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары:

А.Мукашева

3. 2023-2024 оқу жылына арналған мектептің жұмыстық оқу жоспарын бекіту.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары:

А.Мукашева

4. 2022-2023 оқу жылындағы ҰБТ көрсеткіштері

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары:

А.Мукашева

5. «Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы

6. Педагогикалық ішкі еңбек тәртібінің ережесімен таныстыру

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелерін құру

Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары: М.Кайржанова

Тыңдалды:

1. Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша директор А.Курмашева сөз алып, педагогтарды 2023-2024 оқу жылының басталуы бұйрығымен және жаңа педагогтарды ұжымға таныстырып өтті.

1. 2023-2024 оқу жылының басталуы 2023 жылғы 1 қыркүйек күні болып белгіленсін.

2. 2-11 (12) сыныптарында оқу жылының ұзақтығы – 34 оқу аптасы.

Оқу жылы барысындағы демалыс күндері:

1-11 (12) сыныптарында: күзгі демалыс – 7 күн (2023 жылғы 30 қазан - 05 қарашаны қоса алғанда), қысқы – 10 күн (2023 жылғы 29- желтоқсан -2024 жылғы 07-қаңтарды қоса алғанда), көктемгі – 11 күн (2024 жылғы 21- наурыз – 31 - наурызды қоса алғанда).

2023 жылғы 1 қыркүйекте Білім күніне арналған «Мектебім – мейірім мекені!» тақырыбында сынып сағатын өткізу ұсынылсын. Сынып сағаттары әр сынып үшін жеке кабинеттерде санитарлық талаптарды сақтай отырып өткізілсін.

4. «1 қыркүйек - Білім күні» салтанатты іс-шараның сценарийін жоспарлап, бекітуге ұсыну, сондай-ақ жиынның жалпы ұйымдастырылып өткізілуі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Н.Кайржановаға жүктелсін.

Kundelik.kz, OnlineMekter; және мұғалімнің ізденімпаздығына, қажеттілігіне қарай тиімді платформалар қолданылсын. Kundelik.kz - барлық педагогтарға міндетті түрде. Жауаптылар: А.Мукашева, А.Шарипов және Г.Караманова.

Төмендегі мұғалімдерге сынып жетекшілік міндетін атқару жауапкершілігі жүктелсін:

1. 7 «А» сынып- Кульмагамбетова Жадра Амангельдиновна

2. 7 «Б» сынып- Маженова Арайлым Айдарбековна
3. 7 «В» сынып- Караманова Гүлнұр Максетовна
4. 8 «А» сынып- Даулеткалиева Толкан Болатбековна
5. 8 «Б» сынып- Сағатай Айдана Асқарқызы
6. 9 «А» сынып – Онгарбай Жулдыз
7. 9 «Б» сынып – Сабиева Нуржамал Жанатовна
8. 10 «А» сынып - Муратов Мақсат Болатович
9. 10 «Б» сынып - Болатов Байжан Жанболатович
10. 9 «А» сынып - Ахат Алтыншаш Досымбекқызы
11. 9 «Б»сынып - Торсунова Бахытгуль Рамазановна
12. 9 «В» сынып – Жетписбаева Когаршин Баймуратовна

Төмендегі мұғалімдерге мектеп-интернаттың оқу бөлмелеріне жетекшілік міндетін атқару жауапкершілігі жүктелсін:

- №107 - Муратов М.Б.
- № 110- Шарипов А.Б.
- №111 - Ахат А.Д.
- №113 - Шаяхметова С.С.
- №201- Шарипов А.Б.
- №202 - Маженова А.А.
- №203- Торсунова Б.Р.
- №205- Болатов Б.Ж.
- №208 – Шалабаева А.Б.
- №209 – Куспекова К.М.
- №210 –Сабиева Н.Ж.
- №211- Муратов М.Б.
- №212– Әдей Ж.
- №213 – Даулеткалиева Т.Б.
- №304– Караманова Г.М.
- №305– Онгарбай Ж.
- №306– Жетписбаева К.Б.
- №307– Кульмагамбетова Ж.А.
- №308 – Темірбек И.Т.
- №309– Нығметжан Ж.С.
- №310- Курманалина А.С.
- №311 –Сағатай А.А.
- №312 – Шокаев А.Е.

2023-2024 оқу жылында жатақханадағы оқушылар үшін тәрбиешілер төмендегі тізімге сәйкес бөлінсін:

7-сынып:

Ұлдар – Кудулова Г.А.

Қыздар – Жакупбекова А.Ж.

8-сынып:

Ұлдар –Атетова К.А.

Қыздар – Қасымбекова Б.Ш.

9-сынып:

Ұлдар – Сатынсин Д.Т.

Қыздар – Досжанова А.К.

10,11-сынып:

Ұлдар – Жахина А.А.

Қыздар – Сембаева Г.С.

2. **Екінші мәселе бойынша А.Мукашева** 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатта негізгі ерекшеліктерііндегі оқу- тәрбие процесіндегі нормативті құқықтық актілерімен таныстырды.

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығы.
2. «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365; 30.09.2022 ж. №412 бұйрығы.
3. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы.
4. «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы.
5. «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.08.2022 ж. №385 бұйрығы
6. «Мамандандырылған білім беру ұйымдарының желісін және дарынды балалармен жұмыс жөніндегі оқу-әдістемелік кеңес туралы ережені бекіту туралы» (ҚР БҒМ 1.07.2015 ж. № 428 бұйрығы, 02.02.2022 ж. №34 бұйрығы.
7. «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 7.12.2011 жылғы № 514 бұйрығы.
8. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. № 130 бұйрығы.
9. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ міндетін атқарушының 16.05.2008 ж. №272 бұйрығы.
10. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы)
11. «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» (ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. №26 бұйрығы,
12. «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 12.10.2018 ж. №564 бұйрығы.
13. «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» (ҚР БҒМ 28.01.2016 ж. №95 бұйрығы
14. «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» (ҚР БҒМ 12.01.2016 ж. №18 бұйрығы, 31.05.2022.
15. «Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 16.01.2015 ж. №12 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.08.2022 ж. №355 бұйрығы.

-Пәндерді оқытуда функционалдық сауаттылықты қалыптастыру (оқу және жазу сауаттылығы, математикалық, жаратылыстану-ғылыми сауаттылық);
-Пәндік, метапәндік және түйінді құзыреттерді дамыту; цифрлық құзыреттер мен

дағдыларды дамыту; STEM/STEAM технологияларды қолдану; құндылыққа бағдарланған оқытуды іске асыру; тұлғаға, іс-әрекетке бағдарланған және инновациялық тәсілдерді іске асыру, оқу процесіне тиімді әдістер мен технологияларды енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар.

-Жалпы орта білім беру деңгейінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді зерделеуге және білім алушылардың ағылшын тілін меңгеру деңгейін арттыруға ерекше көңіл бөлінеді.

-Негізгі орта (5-8-сыныптар), жалпы орта (10-сынып) білім беру деңгейлерінде академиялық жылды аяқтаған соң қазақ тілінен емтихан тапсыру енгізіледі.

1.Экологиялық білім беру сапасын арттыру: экологиялық проблемаларды шешуде білім алушылардың практикалық дағдыларын дамытуға арналған зертханалық, зерттеу, жобалық жұмыстарды ұйымдастыру.

-Білім беру ұйымдарында тұтас тәрбие бағдарламасын енгізу.

-Домбыра тарту бойынша факультативтік курстар өткізу, мектептердегі шахмат секцияларының желісін кеңейту.

-Мектептердің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылын нығайту, «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығын құру.

-Педагогтерге арналған «Цифрлық кітапхана» жобасын жүзеге асыру.

-Үздіктен үйрен» жобасын іске асыру: «Үздік педагог» байқауы жеңімпаздарының озық педагогикалық тәжірибесін дәріптеу

-«Білім беруді өзгертудегі 1000 көшбасшы» республикалық кадрлық резервтің деректер қорын жасау.

- Педагогтер ЖБ тапсырмасын құрастыру кезінде, білім алушылар оларды орындау кезінде академиялық адалдық қағидатын сақтауы маңызды.

-БЖБ түрі (бақылау, практикалық немесе шығармашылық жұмыс, жоба, эссе, диктант, мазмұндама, шығарма, тестілеу) мен сабақта өткізілетін уақытын педагог өзі анықтайды.

-ТЖБ барлық білім беру ұйымдары үшін бірыңғай тоқсандық жиынтық бағалау спецификациясына сәйкес жүргізіледі

3.Үшінші мәселе бойынша директордың оқу жөніндегі орынбасары А.Мукашева мектептің жұмыс жоспарын таныстырып, жаңа оқу жылында педагогтардан жоспар негізінде жүйелі түрде нәтижеге бағытталған жұмыс жүргізу керектігін атап өтті.

7-8-9 сыныптарында:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы)

- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365; 30.09.2022 ж. №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен және **63,95** - қосымшалары

10-11сыныптарында:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы)

- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің

12.08.2022 ж. № 365; 30.09.2022 ж. №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен және **67,96** - қосымшалар;

Оқу үрдісі 7 – сыныптан бастап жүргізіледі. Мектеп бойынша сыныптардың жалпы саны -12. «Абай мектептері» желісіне кіретін сынып саны- 5. «Жаратылыстану- математикалық» бағыттағы сыныптар саны- 7. Жалпы оқушы саны -215. Оқу жұмыс жоспары 34 оқу аптасы көлемінде оқу жылының ұзақтығын құрайды. Оқу аптасының ұзақтығы- 5 күн.

Жұмыс оқу жоспары:

7 «А»,8 «А», 9 «А», 10 «А», 11 «А» сыныптарында «Абай мектептері» желісіне арналған № **95,96** – қосымшалары негізінде;

7 «Б», 7«В», 8 «Б», 9 «Б», 10 «Б», 11«Б», 11«В» сыныптарында мамандандырылған білім беру ұйымдарына арналған № **63,67** қосымшалары негізінде әзірленді.

Жұмыс оқу жоспарының құрылымында мектептегі білім берудің негізгі өзегін көрсететін инвариантты оқу бөлімі және оқушылардың қызығушылықтары мен бейімділіктеріне сәйкес жеке тұлғаны дамытуға бағытталған вариативтік компоненттегі таңдау бойынша пәндер,элективті курстар,жаһандық құзыреттер курсы,жеке және топтық курстарды мектеп бағдарламасының бөлігі ретінде пайдалануға база назар аударылды.

Кәсіптік қызметке алғаш кіріскен жас маманға Темірбек И.Т. тәлімгерлік тағайындау талаптары бойынша , тәлімгерлікке Әдей Жайнагүл педагогты ұсынды:

4.Төртінші мәселе бойынша директордың оқу жөніндегі орынбасары А.Мукашева

2022-2023 оқу жылында – 43 түлек аяқтады.

ҰБТ- 90,9%

Грант иегері- 36 84%

Ақылы ЖОО түскен- 6

«Алтын белгі» аттестаты, «Алтын белгі» төс белгі иегері-7

Грант-6 85,7%

Ақылы-1

Үздік аттестат иегері-4

Грант -4 100%

5.Бесінші мәселе бойынша директордың тәрбие жөніндегі орынбасары М. Кайржанова 2023-2024 оқу жылы білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы келесідей негізгі құндылықтарды басшылыққа алады:

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»

ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады.

жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жегі ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Алтыншы мәселе бойынша директордың тәрбие жөніндегі орынбасары М.Кайржанова:

Мектеп ұжымын 2023-2024 оқу жылына мектептің ішкі тәртіп ережелерімен таныстырып өтті.

1.1 Білім беру ұйымдарының жарғысында және білім беру қызметін көрсету туралы шартта көзделген өзге де талаптарды орындау;

2. Педагогтердің құқығы және міндеттері;

3. Мектептің педагогикалық қызметкерлері міндетті;

4. Педагогикалық қызметкерлерге тыйым салынады;

5. Сынып жетекшісі міндетті;

6. Оқушылардың міндеттері мен құқығы;

7. Ата-аналар (заңды өкілдері) міндеттері бөлімдері бойынша толық таныстырылды.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымдарында құрылатын және педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады.

Білім беру ұйымдарының педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесіне педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалар жүгіне алады.

Кеңес өз қызметін "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік қағидаттарын басшылыққа алады.

1) педагогикалық әдептің бұзылу мониторингі, профилактикасы және оның алдын алу;

2) білім беру ұйымы ұжымының адамгершілік-психологиялық ахуалын жақсартуға, педагогикалық әдептің бұзылуына байланысты даулы жағдайларды реттеуге ықпал ету;

3) педагогтердің жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу;

4) педагогикалық әдепті бұзуға ықпал ететін себептер мен жағдайларды қарау және олардың негізінде білім беру ұйымының басшысына ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

Кеңес өз құзыреті шегінде:

1) өз отырыстарында педагогтер мен қаралатын мәселелерге қатысы бар тұлғаларды тыңдайды;

2) білім беру ұйымының алдында тұрған міндеттерді орындау үшін қажетті құжаттарды, материалдарды және ақпаратты сұратады;

3) педагогтер мен қаралып отырған мәселелерге қатысы бар адамдардан түсіндірмелер және (немесе) түсініктемелер талап етеді;

- 4) педагогикалық әдепті бұзу фактілеріне тексеріс жүргізу туралы білім беру ұйымының басшысына ұсыныстар енгізеді;
- 5) білім беру ұйымының басшысына еңбек тәртібін нығайту, педагогикалық әдептің бұзылуының алдын алу бойынша ұсыныстар енгізеді;
- 6) білім беру ұйымы басшысының қарауына педагогикалық әдепті бұзғаны үшін жауапкершілік туралы ұсыныстар енгізеді;
- 7) Кеңестің ұсынымдарын тиісті түрде қарастырмаған білім беру ұйымының лауазымды тұлғаларының жауапкершілігін қарау туралы ұсыныстармен құзыретті мемлекеттік органдарға немесе тиісті лауазымды тұлғаларға жүгінеді;
- 8) тараптарды татуластыру бойынша жұмыс жүргізеді.

Мектеп-интернаты Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес қызметін «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығы негізінде ұйымдастырады.

Көпшілік дауыспен Ахат Алтыншаш Досымбекқызы Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрайымы болып сайланды.

Мектеп директоры А.Курмашева педагогикалық кеңестің шешімімен ұжымды таныстырды.

Педагогикалық кеңестің қаулысы:

- 1.2023-2024 оқу жылының басталуы бойынша бұйрықтың жүзеге асырылуын қадағалау.
2. 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулықтағы, өзгерістерді басшылыққа алынсын.
3. 2023-2024 оқу жылына арналған мектептің жұмыстық оқу жоспары бекітілсін.
- 4.2023-2024 оқу жылындағы ҰБТ дайындық жұмыстары бекітілген жоспар бойынша жүргізілсін.
5. 2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысы «Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде жүргізілсін.
- 6.Педагогикалық ішкі еңбек тәртібінің ережесі педагогтармен сақталсын.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелерінің құрамы бекітіліп,2023-2024 оқу жылына арналған жоспарға сай жұмыстар атқарылсын.

Төрайымы:

Хатшы:

А.Курмашева

Н.Сабиева

Әдеп кеңесінің төрайымы: Ахат А.Д. - «Педагог-зерттеуші», қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Әдеп кеңесінің мүшелері:

1) Алдабергенова А.Ж. - АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "АҚМОЛА ДАРЫНЫ" ДАРЫНДЫ БАЛАЛАР МЕН ТАЛАНТТЫ ЖАСТАРДЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ ОРТАЛЫҒЫ" КММ орталық басшысының міндетін атқарушы

2) Есекеева М.М. - Ақмола облысы ішкі саясат басқармасының “Жастар-ресурстық орталығы” МКМ басшысы

3) Акбатаева К.С. - зейнеткер ұстаз

4) Увалиева С.К. Ш. - Уәлиханов атындағы КМУ-нің аға оқытушысы

5) Алпыспаева С.А. - кәсіподақ ұйымның төрайымы

6) Торсунова Б.Р- «Педагог-зерттеуші», биология пәнінің мұғалімі